

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті түрктану
кафедрасының профессоры, филол. ғ. д
Тажибаева Сауле Жаксылыкбаевна
e-mail: tazhibaeva_szh@enu.kz
87017614331

Тажибаева Сауле Жаксылыкбаевна
Евразийский Национальный университет
им.Л.Н.Гумилева д.филол.н., профессор
кафедры тюркологии

Tazhibayeva Saule Zh
L.N.Gumilyov Eurasian National
University Dr, Professor, Department
of Turkology

УДК 811.512.1

ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН ТҮРКІ ЭТНОСТАРЫНЫҢ ТІЛДЕРІН
ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ТЮРКСКИХ
ЯЗЫКОВ КАЗАХСТАНА

TOPICAL PROBLEMS OF KAZAKHSTANI TURKIC LANGUAGES
RESEARCH

С.Ж. ТАЖИБАЕВА

ф.ғ.д. профессор

ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН ТҮРКІ ЭТНОСТАРЫНЫҢ ТІЛДЕРІН
ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*(Л.Н. Гумилев атындағы УҰУ
түрктану кафедрасы, Астана қаласы)*

Түйін

*Қазақстан Республикасы – көптілді және полиэтникалық мемлекет.
Қазіргі кезеңде республикада 130 этнос өкілдері тұрады. Еуразиялық
кеңістікте тұратын түркі әлемі 50 этносты біріктіретін болса, 2009*

жылғы халық санағының мәліметтері бойынша қазақстанда 26 түркі этносы өмір сүреді. Өкінішке орай, Қазақстанның тілдік аренасынан тофалар тілі жоғалды. Қазақстан қазіргі кезде түркі семьясының ішінде әр түрлі классификациялық топтарға жататын (қыпшақ, қарлұқ, оғыз, саян-алтай) түркі тілдерінің өзара ықпалдасқан және өзара кіріккен (ішінара жекелеген араласу) процесі жүріп жатқан өте сирек аймақ болып табылады. Осы тілдердің аналогы қазіргі кездегі түркі тілдері мен олардың топтарының қалыптасуына негіз болған. Сондықтан қазіргі Қазақстандағы түркі тілдерін зерттеу, жойылу кезеңінде тұрған тілдерді лингвистикалық құжаттандыру (документация) жасау маңызды болып абылады.

Кілтті сөздер: түркі тілдері, түркі этностары, тілдердің ықпалдасуы, алеуметтік-лингвистикалық жағдай, жойылу кезеңінде тұрған түркі тілдері, лингвистикалық құжаттандыру.

Аннотация

Республика Казахстан (РК) – полиязычное и полиэтничное государство, где проживают представители более 130 различных языков. Среди разных этнических групп, проживающих на данный момент в Казахстане, доминирующее большинство – представители разных тюркских этносов, говорящие на языках всех групп тюркской семьи. Если весь тюркский мир объединяет более 40 этносов, проживающих на территории евразийского пространства, то в современном Казахстане, в соответствие с данными переписи населения за 2009 г., проживает 26 тюркских этносов. К сожалению, с лингвистической арены Казахстана исчез тофаларский язык.

Большой социолингвистический интерес вызывает процесс взаимодействия между близкородственными тюркскими языками, который активно происходит в РК. Этот процесс принципиально схож с аналогичными процессами, происходившими в тюркском мире на протяжении столетий и приведшими в итоге к формированию современных групп тюркских языков (кипчакской, карлукской, саяно-алтайской и др), не поддающихся однозначной последовательной классификации ни по одному из базовых признаков, которые в разное время принимались за основу различными специалистами-тюркологами. Одной из актуальных задач современного тюркского языкознания является лингвистическое документирование исчезающих тюркских языков чьи этносы проживают в Казахстане.

Ключевые слова: тюркские языки, тюркские этносы, взаимодействие языков, социо-лингвистическая ситуация, исчезающие тюркские языки, лингвистическое документирование.

Annotation

Kazakhstan is a multilingual and multiethnic country. More than 130 different ethnic groups live in Kazakhstan. Kazakhstan is a unique region, where at the moment there is a process of mutual influence and interpenetration of (possibly

partial mixing) of Turkic languages, belonging to different classification groups within the Turkic family (Kipchak, Karluk, Oguz, Sayan-Altai). According to the results of the Kazakh national Census of 2009, representatives of 26 Turkic ethnic groups live there. The mentality of ethnic groups living in Kazakhstan, combined with a sound public policy, allowed to form a specific culture of non-conflictual behavior in a heterogeneous society. As a result, the cultural and linguistic diversity in independent Kazakhstan has become a factor for no separation and disintegration of society, but on the contrary, promote its enrichment and successful sustainable development.

Key words: *Turkic languages, Turkic ethnic groups, interaction of languages, socio-linguistic situation, endangered Turkic languages, linguistic documentation.*

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда ұлтаралық және конфессия аралық толеранттылықтың қазақстандық моделі қалыптасты. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қолайсыз жағдайларға ие болды (шикізаттық қосымша экономика статусы, тоталитарлық жүйе тұсындағы этностардың тілдік және мәдени жақтан келген айтарлықтай зиянның кесірінен этносаралық тұрақсыздықтың болу қаупі, сондай-ақ тоқырау кезінде посткеңестік мемлекеттердің барлығына тән болған әлеуметтік саладағы жағымсыз жағдайлар). Өткен 23 жыл ішінде Қазақстан өз мемлекеттігін сақтап қана қойған жоқ, сонымен бірге экономикалық дамуда, азаматтық консолидация, этникалық және конфессиялық гетерогендік қоғам құрды, сондай-ақ сыртқы саясатта тікелей көршілерімен де жаһандық саясатта да айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Қазақстанда орныққан этностар менталитетінің ерекшелігі ойластырылған мемлекеттік саясатпен біріккенде, гетерогендік қоғамда дау-дамайсыз өзіндік мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік берді. Оның нәтижесі тәуелсіз Қазақстандағы мәдени-тілдік әртүрлілік қоғамның ыдырауы мен қатпарлануына емес, керісінше, оның рухани баюына және ойдағыдай дамуына алып келді. Осыған байланысты, мемлекеттік мәртебе алған қазақ тілінің беделі көтерілді. Оның қолдану аясы кеңеюде, оның қоғамдағы беделі де белең алуда. Осы фактор қазақ тілі мен осы күні саны 25-ке жеткен басқа да түркі тілдерінің қарым-қатынасы процесін объективті түрде ынталандыруды белсендіруде.

Қазіргі кезде елімізде тұратын әртүрлі этникалық топтар арасында ең көбі түркі семьясының барлық топтарында сөйлейтін әр түрлі түркі этностарының өкілдері бар. Егер еуразиялық кеңістікте тұратын түркі әлемі 50 этносты біріктіретін болса, 2009 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша Қазақстанда 26 түркі этносы өмір сүреді. Өкінішке орай, Қазақстанның тілдік аренасынан тоғалар тілі жойылды [1].

Кесте 1

Қазақстанда тұратын түркі этностарының саны

	1970	1979	1989	1999	2009
ҚР жалпы саны	13.026.274	14.709.508	16.222.324	14.981.281	16.009.597

Ұлттар:					
1. Қазақтар	4.228.367	5.282.481	6.486.029	8.011.452	10.096.763
2. Әзірбайжандар	57.607	73.240	88.887	78.325	85.292
3. Алтайлар	575	630	675	462	221
4. Балқарлар	2.714	2.258	2.926	2.079	1.798
5. Башқұрттар	21.500	32.577	41.060	23.247	17.263
6. Хакастар	401	475	575	355	223
7. Чуваштар	22.871	22.310	21.717	11.864	7.301
8. Долгандар	17	18	56	25	3
9. Гагауздар	772	752	953	678	493
10. Жақұттар	175	438	303	115	119
11. Қарайымдар	50	33	33	28	231
12. Қарақалпақтар	463	620	1.357	1.497	2.828
13. Қарашайлар	2.447	2.082	2.038	1.400	995
14. Қырғыздар	9.612	9.352	13.718	10.925	23.274
15. Қрымшақтар	42	87	61	20	35
16. Құмықтар	554	873	1.700	643	481
17. Ноғайлар	155	236	539	350	276
18. Татарлар	286.878	314.065	322.338	249.052	204.229
19. Қырым-татарлар	2.023	834	3.125	1.007	1.532
20. Шорлар	215	381	382	212	96
21. Тофаларлар	6	14	0	29	0
22. Тувалар	85	182	129	35	37
23. Түріктер	18.377	25.718	49.219	78.711	97.015
24. Түрікмендер	3.265	2.241	3.716	1.733	2.234
25. Өзбектер	216.258	262.960	330.417	370.765	456.997
26. Ұйғырлар	120.622	147.676	181.155	210.377	224.713

Қазақстан қазіргі кезде түркі семьясының ішінде әр түрлі классификациялық топтарға жататын (қыпшақ, қарлұқ, оғыз, саян-алтай) түркі тілдерінің өзара ықпалдасқан және өзара кіріккен (ішінара жекелеген араласу) процесі жүріп жатқан өте сирек аймақ болып табылады. Осы тілдердің аналогы қазіргі кездегі түркі тілдері мен олардың топтарының қалыптасуына негіз болған. Қазақстанда сондай-ақ екі ең көне тіл (чуваш және жақұт (саха)) бар, сонымен қатар жойылу алдында тұрған қарайым, кырымшақ, шор тілдері бар.

Қазақстан соңғы жылдары объективті түрде Ресей Федерациясының құрамындағы түрік ұлттық автономияларының бірқатар титулды этностарының еліктейтін қызығушылық объектісіне айналды. Бұл этникалық және тілдік туыстық, сондай-ақ табысты экономикалық және әлеуметтік даму жағдайына байланысты болып отыр.

Сонымен қатар Астанада Түркі Академиясының ашылуымен (2011) бірге Қазақстанның ғылыми қоғамы мен РФ түркі автономияларының арасындағы байланыс нығайды. Қазіргі кездегі Қазақстан мен Ресей арасындағы кірігу процесі осы процесті күшейтеді деп күтілуде.

Қазіргі кезеңде түрктану ғылыми зерттеулердің ерекше пәнаралық саласы ретінде жалпы дағдарысты кешіп отыр. Тарихи және таяу уақытқа дейін жоғары білікті түрколог мамандарды дайындаумен М. Ломоносов атындағы ММУ, Санкт-Петербург (Ленинград) мемлекеттік университеті,

Новосібір мемлекеттік университеті секілді алдыңғы қатарлы ресейлік жоғарғы оқу орындары айналысты. Дегенмен, соңғы кездері ресейлік жастардың түркологияға қызығушылығының төмендеуіне байланысты, түркологиялық зерттеулерді қаржыландыру да төмендеуде, ол өз кезегінде РФ осы пәннің дағдарысына алып келуде. Осы үдеріс ФРГ де орын алуда, ол жерде Франкфурт университеті бірнеше жылдар қатарынан түркология саласындағы мамандар дайындайтын ірі ғылыми-зерттеу орталығы болған.

Керісінше, Қазақстанда бірқатар күшті түрколог-ғалымдардың бар болғандығына қарамастан, «Түркология» мамандығы төрт жыл бұрын ғана ашылды, қазіргі кезде осы мамандық айтарлықтай көтерілуде: оқушы жастар мен қоғамның оған деген қызығушылығы артуда, елдің екі ұлттық университетінде және халықаралық жоғары оқу орнында (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (бакалавриат, магистратура, PhD докторантурасы) мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде және Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде) осы мамандық бойынша мамандар дайындалуда. 2011 жылы Қазақстанның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Астана қаласында Түрік Академиясы ашылды, оның ең басты міндеттерінің бірі түркі әлемінің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу болып табылады. Атап айтқанда, Академия түркі әлемінің ерекшеліктеріне байланысты бірқатар ұжымдық монографияларды дайындап, шығарды [2].

Дегенмен, Қазақстандағы гуманитарлық ғылымның бір бағыты ретінде жалпы түркология даму үстіндегі пән болып табылады. Бұл, атап айтқанда, оның жекелеген бағыттарының, мысалы түркі филологиясының біркелкі дамымауына алып келуде. Қазіргі кезде когнитивтік лингвистика саласындағы зерттеулер анағұрлым дамыған [3]. Соңғысы мәдени зерттеулерге қызығушылықтан туған, ол өз кезегінде, қазақ(стан)дық қоғамда орын алып отырған ұлттық бірлікті белсенді түрде іздеу процесімен негізделген.

Осы жерде елдің Үкіметі Қазақстандағы барлық этникалық топтардың, оның ішінде түркілердің де шынайы азаматтық тең құқықтылығына жету саясатын жүргізіп отырғанын атап көрсету қажет. Осындай іс-шаралар қатарына ең алдымен мыналарды жатқызуға болады:

- 1995ж. Қазақстан халқы Ассамблеясының (АНК), этномәдени ұйымдарды біріктіруші және олардың жұмысын үйлестіруші сирек институттың құрылуы. Осылайша, этникалық саналы (ethnically aware) азаматтар тобының бір-бірімен және мемлекетпен қарым-қатынасы қамтамасыз етіледі;

- этникалық мәдениетке қолдау көрсету, олардың ана тілінде орта білім алуына жағдай жасау; ҚР тұратын этностар ішінде қазіргі кезде өзбектер мен ұйғырлар осы мүмкіншілікке ие болған;

- 1939-1944 жылдары Қазақстанға жер аударылған этностар өкілдеріне компенсация төлеу;

- ҚХА тарапынан саны аз этнос өкілдеріне жоғарғы оқу орындарына түскенде квота беруді енгізу.

«Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандықтарында білім алатын студенттер түркі тілі мен түркі халықтарының әдебиетін оқиды. Мемлекет тарапынан өткізіліп отырған саясаттан басқа, Қазақстандағы этностарды әлеуметтік сатыда көтеру (оның ішінде түркілерді де) процесінде осы этностардың елдің нарықтық экономикасына қатысуы да бизнес-салада бәсекелестіктің дамуына ықпал жасайды. Осылайша, мысалы, өзбектер мен ұйғырлар қонақ үйлік, дәмханалық, музыкалық бизнесте күшті позицияларды иеленсе, түркілер, әзірбайжандықтар – ауыл шаруашылығында жетістіктерге жетіп отыр. Ортаазиялық аймақтағы этникалық отанынан тысқары ұйғырлардың рухани мәдениетін зерттеуде Қазақстанды рухани құндылықтардың алдыңғы посты деп бекерге атамайды.

Қазақстандық жағдайда әңгіме ықшам жинақталған түркі этностары туралы болып отыр:

- өзбектер (Оңтүстік Қазақстан облысы (ОҚО),
- ұйғырлар (Алматы облысы және Алматы қаласы),
- қазан татарлары (Семейде көп шоғырланған),
- түріктер (ОҚО, Жамбыл, Алматы облыстары),
- тувалықтар (Алматы облысы, Ұйғыр ауданы; Шығыс Қазақстан облысы).

Соңғы жылдарда осы аталған халықтардың арасында балаларына жоғары білім беру үдерісі байқалып отыр, оның ішінде бұл мәселе өзбек, ұйғыр, түрік, қарашай, балқар халықтарының қыздарын оқытпауына байланысты да туындап отырған.

Түркі әлемінің өзіндік ерекшелігі тілдік және мәдени-тарихи салада әр түрлі бағыттарда зерттелуде. Ежелгі түркі тілдерінің грамматикалық құрылымы өзекті тақырыптардың бірі болып қалуда және М.Эрдал, Роно Таш, Л.Йохансон, Е.Чата, И.В.Кормушин және т.б. ғалымдардың қызығушылығын тудыруда [4]. Салыстырмалы-салғастырмалы бағытта түркі текстерін жасау жойылып бара жатқан түркі тілдерін сақтаудың өзекті тақырыптарының бірі болып отыр. Түркологтар түркі тілдеріндегі көптілділік мәселелерін жан-жақты зерттеуде.

Жоғарыда айтылғандар сөз жоқ, соңғы жылдары екі бағытта белсенді жүргізіліп отырған Қазақстандағы қазіргі кездегі түркологиялық зерттеулерге өз ізін қалдырды:

- ерте және кейінгі ортағасырлық жазба ескерткіштерін зерттеу (Орхон, Талас, Шығыс Түркістан, М.Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрк», Ж.Баласағұни «Құтадғу білік», армян-қыпшақ ескерткіштері);
- қазіргі кездегі түркі халықтарының тілі мен мәдениетін синхронияда зерттеу.

Кеңестік түркологтар жазба ескерткіштерін жеткілікті зерттеді және Батыс пен Шығыс, ТМД елдері, сондай-ақ Қазақстан ғалымдары тарапынан жаңа аспектіде зерттелуде (А.Аманжолов, Ғ.Айдаров, А.Құрышжанов, М.Жолдасбеков, Қ.Салғарұлы, К.Сартқожа, А.Қайыржанов, Н.Шаймердинова т.б.).

Қазақстан республикасында тұратын халықтыр, оның ішінде қазіргі кездегі түркі халықтарының тілі, мәдениеті және тарихы туралы синхронды талдау көрсеткендей, осы күнге дейін тиянақсыз жасалды. Дегенмен, осындай бағыттағы жекелеген зерттеулер жүргізілді, бірақ жалпылама алғанда қазақ тілінің аясында ұйғыр тілі секілді сондай-ақ кейбір түркі тілдері бойынша жүргізілген зерттеулер бар.

Бүгінгі күні Қазақстандағы түркі тілдерінің әлемі ерекше түркі этностарының тілдік ландшафтын құрайды. Кейбір түркі тілдері жоғалуда (қарайым, қрымчак, шор тілдері). Осындай тілдерге байланысты келеңсіз жағдайлардың алдын алу және жоғалу алдында тұрған тілдер мен осы халық өкілдерінің салт-дәстүрін, мәдениеті мен бар байлағын сақтау, келесі ұрпаққа аманат етіп қалдыру мақсатында Қазақстанда бірінші рет «Фольксваген» қорының қаржыландыруымен «Пост-кеңестік Қазақстандағы түркі халықтарының тілі мен мәдениетінің арақатынасы» деп аталатын әлеуметтік-мәдени зерттеу жұмысы басталды.

Әлеуметтік-тілдік зерттеу нәтижелері өңделіп және сәйкестендіріліп интернет-қорларға жинақталады, осы мәселеге қызығушылық білдіргендерге қолжетімді болып табылады.

Зерттеудің екінші сатысы Қазақстандағы жоғалу алдында тұрған қарайым, қырымшак, шор тілдерін жазып алу, құжаттау, түркі тілдерінің нұсқаларын анықтау және сипаттауға арналады. 2009 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша ҚР-да 97.015 түрік тұрады [2]. Олардан алынған сұхбаттар, сондай-ақ сауалнама нәтижелері бойынша түрік этносының өкілдері өздерін «ахыска», «хемшилдер», «лаздар» деп өзара сәйкестендіреді. Олардың барлығы Қазақстанға 1944 жылы жер аударылған. Олардың сөйлеу тілінде әдеби түрік тілінен кейбір ауытқулар байқалды, бұл мәселе тілдің барлық сатысындағы арнайы лингвистикалық зерттеуді қажет етеді.

Түркі халықтарының лингвомәдени ерекшелігі Қазақстанда жүргізілген жоқ. Әлеуметтік-тілдік және мәдениетаралық факторларға сараптама жасау, ҚР халықтары мен түркі тілдерінің нақты ахуалын білу арқылы өте сирек түркі ландшафтын сақтау туралы ұсыныстар мен ескертпелерді дайындауға мүмкіндік береді. Қазақстандағы түркі тілдерін лингвомәдени салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу қажеттілігінде болып табылады. Осындай зерттеудің өзектілігі дәл қазіргі уақытта Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі түркологиялық зерттеу орталығына айналуымен, сондай-ақ, Қазақстан халқының полиэтникалық азаматтық консолидациясына алып келетін мәдениетаралық коммуникация процесінің қарқындылығына байланысты.

Бір тіл басымдық алып тұрғанда туыстас түркі тілдері мен әдебиетінің өзара қарым-қатынасы зерттеу үшін келешегі бар жеке тақырып болып табылады. Қазіргі кезеңде «Фольксваген» қорының гранттық қолдауымен Берлин Еркін университетінің (Берлин, ГФР), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің (Астана, ҚР), М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің (Тараз, ҚР) бір топ ғалымдары тарапынан

орындалып отырған халықаралық жоба аясында келесі мәселелер кешені қызығушылық тудыруда:

- ҚР территориясында шашыраңқы өмір сүретін түркі этностары тілінің құрылымы;
- осы тілдердің дамуына әсер ететін әлеуметтік-тілдік факторлар.

Жоба аясында келесі міндеттерді шешу жоспарланған:

1. Қазақстан аумағында тұратын түркі тілдерінің жағдайына әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу жүргізу.

2. Қазақстанда тұратын түркі тілді халық өкілдерінің ана тілі мен мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін анықтау.

3. Тәуелсіз, демократиялық ұлттық мемлекет және нарықтық экономика жағдайында олардың әлеуметтік және тілдік жаңа стратегияларын анықтау.

Қазіргі кезеңде филолог ғалымдар үшін Қазақстанда тұратын түркі халықтарының тілін, әдебиеті мен мәдениетін зерттеу ажырамас міндет болып табылады. Себебі бұған дейін түркі халықтарының лингвомәдени ерекшелігі Қазақстанда жүргізілген жоқ және бірінші рет осы жоба аясында зерттеу жоспарлануда.

Пост-кеңестік Қазақстандағы түркі тектес халықтардың әлеуметтік-мәдени ықпалдастығын бағалау үшін Л.Н. Гумилев атындағы ҰУ түрктану кафедрасының студенттері тарапынан сауалнама жүргізілді. Олар сауалнаманы Қазақстан республикасының оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс аймақтарында шамамен 2000 респондент арасында жүргізді.

Сауалнама келесі блоктардан құралды:

- Жалпы мәлімет және этникалық таным.
- Білім туралы мәлімет.
- Атқаратын қызметі немесе кәсібі туралы мәлімет.
- Мекенжайы туралы мәлімет.
- Жанұя тарихы туралы мәлімет.
- Тілдік бөлік.
- Этникааралық қарым-қатынастар туралы мәлімет.
- Мәдениет, әдебиет, дін туралы мәлімет.

Аталған сауалнама сұрақтарына жауап берген тұлғалардың 55 %-ын – әйелдер, 45%-ын – ер адамдар құрады. Сауалнама жүргізілгендер арасында осындай айырмашылықтың болуы әйел адамдардың ер адамдарға қарағанда өзі туралы мәліметті ұсынуға дайын екендіктерін және олармен тіл табысып әңгімелесудің анағұрлым жеңілдеу екендігін көрсетеді.

Зерттеу жасы 10-нан бастап 98-ге дейінгі респонденттер арасында жүргізілді. Сауалнамадағы мәліметтерді ашып көрсету, оларды толығымен қамту үшін әр түрлі жастағы тұлғалар тартылды. Сауалнамаға жауап бергендердің басым көпшілігі 20-75 жас арасындағы тұлғалар. Қалған жас бойынша топтар әлдеқайда аз. Сауалнамаға қатысқандардың жасының ең үлкені - 98-де, ең кішісі – 10 жаста. Сауалнама жүргізілгендердің жас аралығы 88 жасты құрайды. Бұл зерттеу түркі халықтары тілі мен

мәдениетінің әлеуметтік-мәдени ықпалдастығына тарихи дамудың ғасырға жуық аралығындағы өзгерістерді енгізуге мүмкіндік берді.

Сауалнама жүргізілгендердің үлесіне тоқталатын болсақ, олардың 3% - Өзбекстан, 2% - Қырғызстан, 1% Әзірбайжан азаматтары, 94% - Қазақстан азаматтарын құрады.

Ең аз сауалнама алынған этникалық топ ұйғырлар – 1%, башқұрттар - 2%, 3% - қарақалпақтар, 3% қарашай өкілдері, әзербайжан- 8%, 19% өзбек ұлтынан, түріктер 26% пайыздан жоғары үлесті құрады. Сауалнама сұрақтарына ең көп жауап бергендер, яғни 42 пайызды татарлар құрады.

Сауалнама сұрағы төлқұжаттағы мәліметтер мен олардың нақты қай этникаға жататындықтарын, арасындағы айырмашылықты көрсетті.

Сауалнама жүргізілгендер төлқұжат бойынша өздерін 41% татарларға, 26% әзірбайжандарға, 13% өзбектерге, 6% күрдтерге, 6% түріктерге жатқызады. Төлқұжат бойынша 3% хемшил, 1% түркмен, 1% башқұрт, 1% қарақалпақ, 1% қарашай үлесіне тиесілі. Түркі этностары өкілдерінің 1% төлқұжатта қазақ болып жазылған.

Ұлт таңдауда бірнеше жанама факторлар да өз әсерін тигізуде. Ондай факторларға адамдардың айналасындағы орта да өз әсерін тигізуде. Осындай сыртқы орта факторларынан бірі олардың достары деуге болады. Сауалнама жүргізілгендердің достарының ұлттық құрамының құрылымына талдау жасалды.

Талдау нәтижесінен сауалнама жүргізілгендердің достарының басым көпшілігінің қазақ ұлтынан екендігін (34%) байқауға болады. Саны жағынан екінші топ орыс ұлты өкілдерін құрайды (19%). Татар ұлтының өкілдері (14%), саны жағынан үшінші топты құрайды. Сонымен қатар зерттеу барысында сауалнама жүргізілгендердің достарының 8% өзбек, 6% түрік, 3% қарашай және 1% башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, хемшил түріктері, ұйғыр, әзірбайжан, басқа да зерттеуге кірмейтін ұлттың өкілдері екендігі анықталды.

Қазақстан аумағындағы түркі тілдерін генетикалық, ареалдық және конфессиялық белгілері бойынша жүйелеу жүргізілген емес, Қазақстандағы экзогендік және эндогендік түркі тілдерінің (олардың кейбіреулері өздерінің негізгі тілдік ортасынан алшақта дамуда) қазіргі кездегі жағдайы зерттелмеген. ҚР шашыраңқы өмір сүретін түркі этностарының тілдік құрылысы және осы тілдердің дамуына ықпал жасайтын әлеуметтік лингвистикалық факторларды сараптау қызығушылық тудырады және қажеттілік етеді.

Болашағы зор, азаматтардың сенімді келешегін қамтамасыз етудің өмірлік ұстанымы бар мемлекеттің ең басты қағидасы тәуелсіздік және ұлттық бірлік болып табылады. Егеменді Еліміздің ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан берік тіреуі-ерлік пен патриотизмнің тамаша дәстүріне сүйенеді десек, жоба аясында жасалап жатқан және алда жасалатын зерттеулер халықтың береке-бірлігін сақтауға бағытталған игі шара және қазақстандық патриоттарды тәрбиелеудегі ізгі қадам деп танылуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Итоги национальной переписи населения 2009 года в Республике Казахстан Статистический сборник /Под редакцией А.Смаилова. - Астана, 2010 - 297 с. www.stat.gov.kz).

2 www.turkacadem.kz/ru

3 Сатенова С.Қ. Лингвомәдениеттану және лингвомәдени бірліктер // Жалпы және салғастырмалы фразеологияның өзекті мәселелері. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Альянс-2, 2003. – 22-29 б.; Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғылым. докт. дис... 10.02.19. – тіл теориясы. – Алматы, 2004. – 335 с; Шаймердинова Н.Г. Когнитивная семантика древнетюркских орхонских памятников. - Астана, ЕНУ, - 2007-242 с.; Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үні, 2008. – 356 б.;

4 Erdal M. Grammar of Old Turkic. - Leiden:Brill, 2004; Rono Tas, A. The Reconstruction of Proto-Turkic. In: Johnson, L. & Csato, E. (eds.) The Turkic Languages.- London, New York:Routledge, 1998- 67-80; Inclusive and exclusive forms in the Turkic imperative paradigm. In: Ay, S. et al (eds.). Essays on Turkish Linguistics (Proceedings of the 14th International Conference on Turkish Linguistics, August 6-8). (Turcologica 79).- Wiesbaden: Harrassowitz, 2009. - P. 421–430; Кормушин И.В. Древние тюркские языки. – Абакан:ХГУ, 2004. - 336 с. Csato, E. A Digital Corpus of Halich Karaim. In Book of Abstracts. 16-th International Conference on Turkish Linguistics. September 18-21, 2012 – Ankara, <http://www.Irecconf.org/proceedings/Irec2012/index.html>

REFERENCES

1 Itoги nacional'noj perepisi naselenija 2009 goda v Respublike Kazahstan Statisticheskij sbornik /Pod redakciej A.Smailova. – Astana, 2010 - 297 p. www.stat.gov.kz).

2 www.turkacadem.kz/ru

3 Satenova S.Қ. LingvomAdeniettanu zhAne lingvomAdeni birlikter // Zhalpy zhAne salGastyrmaly frazeologijanyñ özekti mAseleleri. Gylymi maKalalar zhinaGy. – Almaty: Al'jans-2, 2003. – 22-29 b.; Islam A. Ūlttyq mAdeniet kontekstindegi dȳnieniñ tildik sureti (salystyrmaly-salGastyrmaly lingvomAdeni saraptama): filol. Gylym. dokt. dis... 10.02.19. – til teorijasy. – Almaty, 2004. – 335 s; Shajmerdinova N.G. Kognitivnaja semantika drevnetjurkskih orhonskih pamjatnikov. - Astana, ENU, - 2007- 242 s.; Mankeeva Zh.A. Qazaq tilindegi jetnomAdeni ataulardyñ tanymdyq negizderi. – Almaty: «Zhibek zholy» baspa үni, 2008. – 356 b.;

4 Erdal M. Grammar of Old Turkic. - Leiden:Brill, 2004; Rono Tas, A. The Reconstruction of Proto-Turkic. In: Johnson, L. & Csato, E. (eds.) The Turkic Languages.- London, New York:Routledge, 1998- 67-80; Inclusive and exclusive forms in the Turkic imperative paradigm. In: Ay, S. et al (eds.). Essays on Turkish Linguistics (Proceedings of the 14th International Conference on Turkish Linguistics, August 6-8). (Turcologica 79).- Wiesbaden: Harrassowitz, 2009. - P.

421–430; Kormushin I.V. Drevnie tjurkskie jazyki. – Abakan:HGU, 2004. - 336 s.
Csato, E. A Digital Corpus of Halich Karaim. In Book of Abstracts. 16-th
International Conference on Turkish Linguistics. September 18-21, 2012 – Ankara,
<http://www.Ireconf.org/proceedings/Irec2012/index.html>